

**Аудандық мәслихаттың (XXV сессия, IV шақырылған) 2010 жылғы 24 желтоқсандағы "2011 жылғы әлеуметтік көмекке құқығы бар азаматтардың санаты туралы" N 5/25 шешіміне толықтырулар енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Павлодар облысы Лебяжі аудандық мәслихатының 2011 жылғы 20 қыркүйектегі N 4/33 шешімі. Павлодар облысының Әділет департаментінде 2011 жылғы 10 қазанда N 12-9-137 тіркелді. Күші жойылды - қолдану мерзімінің өтуіне байланысты (Павлодар облысы Лебяжі аудандық мәслихатының 2013 жылғы 17 қазандағы N 1-19/184 хаты)

**Ескерту. Күші жойылды - қолдану мерзімінің өтуіне байланысты (Павлодар облысы Лебяжі аудандық мәслихатының 17.10.2013 N 1-19/184 хаты).**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6-бабы және Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет кодексінің 56-бабы 1-тармағына сәйкес, аудандық мәслихат

**Ш Е Ш І М**

**Е Т Е Д І :**

1. Аудандық мәслихаттың 2010 жылғы 24 желтоқсандағы "2011 жылғы әлеуметтік көмекке құқығы бар азаматтардың санаты туралы" (нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу Тізілімінде N 12-9-123 тіркелген, 2011 жылғы 13 қаңтардағы аудандық "Аққу үні" N 3-4 газетінде жарияланған) N 5/25 шешіміне келесі толықтырулар енгізілсін:

Аталған шешімге қосымша келесі тармақтармен толықтырылсын:

"40. Ауданның жалпы білім беретін мектептерінің оқу озаттары."

"41. 2010 - 2011 жылдары ауданның денсаулық сақтау мекемелеріне жұмыс істеуге келген дәрігерлер."

"42. Адал және көпжылғы еңбегі үшін ордендермен және алқалармен марапатталған тұлғалар."

2. Осы шешім алғаш рет ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

3. Бұл шешімнің орындалуын бақылау мәслихаттың бюджеттік саясат, әлеуметтік сала, заңдылық пен адам құқығын қорғау мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясына жүктелсін.

*Мәслихат хатшысы*

*Сессия төрағасы, аудандық  
М. Смағұлов*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК